

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мен ғажайыппын!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.07.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/142003/

Бекітемін: С.Жүсіпова	Уақыты: 17.05.23 ж Сыныбы: 11 «А»	Кабинет: 102	Тәрбиеші: Г.Омарова
Сабақтың тақырыбы:	Мен ғажайыппын!		
Мақсаты:	«Мен» бейнесін айқындау,оқушы бойындағы жағымды қасиеттерді ашып,жағымсыз қасиеттерден арылуға жағдай жасау, жеткіншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру,өз көңіл-күні игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу, ой-қиялын дамыту.		
Күтілетін нәтижелер:	· Оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жақсарту, · өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата отырып, өмірлік айқындамасын белгілей білуге үйрету;		
Керекті жабдықтар:	Интерактивті тақта, фломастерлер,стикерлер,қанатты сөздер,слайд, А 4 қағаз ,медальдар		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Топтық жұмыс: жаңа білімді меңгерту, ой бөлісу.		Тренингтік жаттығулар
Сабақ барысы:			
Сабақкезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Оқушы әрекеті	
	<p><b>Сиқырлы қобдиша</b> Тренингті бастамас бұрын ең бірінші, өз-өзімізді айқындап алайық. Қазір сендер мыны қобдишаны бір-бірінің қолдарына бересіңдер. Осы қобдишаны алған оны ашып, ішіне қарайсыңдар. Оның ішінде жан-жақты,ғажайып және қайталанбайтын бейнені көресіңдер.Оған күліп қарауларың керек. Барлық оқушылар қобдишаға қараған соң, психолог сұрақтар қояды:-Жан-жақты,ғажайып және қайталанбай-тын бейне кім болып шықты? Сендер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сендерге қалай қарады? <b>Досыма сыйлық» ойыны</b> Тренинг қатысушысына дөңгелек суреті беріледі. Олар оған смайлик салып шеңбер бойымен бір-біріне сыйлап, тілек айтады. Мысалы: «Өз күшіне сен!», ал қалғандары үш рет қол соғады. Жүргізуші: Мен сендерге Сенімділік, Сүйіспеншілік, Сәттілік тілеймін!</p>	<p>Тәрбиешімен амандасады.</p> <p>Барлық оқушылар қобдишаға қараған соң, психолог сұрақтар қояды:</p> <p>Айнаға күліп бір-біріне тілек тілеп,орындарына отырады.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің қойған сұрағына қол көтеру арқылы жауап береді.</p> <p>Презентация тамашалап, қойылған сұрақтарға жауап берулері қажет.</p>	

<p><b>Негізгі бөлім (15мин)</b></p>	<p><b>Ешкім де білмейді жаттығуы</b> Қатысушылар бір-біріне доп лақтыру арқылы мынадай сөздерді айтады: «Сіздердің ешқайсыларыңыз білмейсіздер, менде...қасиет бар екенін»</p> <p><b>Күлкі жаттығуы</b> Күн сайын өзіңе бірнеше минут уақыт тауып көзінді жұмып,ештеңе ойламауға тырысыңдар. Осы уақыт ішінде жүзіңізде күлкі болуы маңызды. Егер оны 10-15 минут ұстай алсаңыз, сіз өзіңіздің қалғаныңызды сезінесіз, көңіл-күйіңіз көтеріледі.Күліп отырғаныңызда сіздің беттеріңізде қимыл пайда болады.Ол сіздің нерв жүйелеріңізге жақсы әсер етеді.</p> <p><b>Биікке ұмтылу жаттығуы.</b> Оқушыларға мінез туралы ақпарат беру Оқушылар жұпта жұмыс жасайды (бір-бірлерінің жағымды мінез ерекшелігін айтады). Арқаларындағы жапсырылған ақ қағазға бір-бірлерінің бойындағы жағымды мінез ерекшелігін және ыстық тілектерін жазады. Барлығы жазып болғаннан кейін, қайтадан дөнгеленіп отырып, арқаларындағы қағазды алып оқиды. Қағаздыжыртпай, өздерінеестеліккеқалдырады.</p>	<p>Әр топ біріге отырып,берілген тапсырманы өзара талқылап, топ алдында баяндайды</p> <p>Топта өзара талқылап,ауызша баяндайды.</p> <p>Ойынның шарты оқушыларға бір парақ ақ қағаздар таратылады. Таратылған ақ қағазды оқушылар скочтың көмегімен арқаларына жапсырады</p> <p>Тренингке барлық оқушы қатысады</p>
<p><b>Қорытынды (15мин)</b></p>	<p><b>Қорытындылау.</b></p> <p><b>Сен ғажайыпсың марапаттау сәті</b> Психолог: Біз әртүрлі адамдарды кездестіреміз.Олардың ішінде кейбіреуі бізге ұқсайды, кейбіреуі ерекше болып көрінеді.Бірақ біз әрқайсысымыз ғажайып қайталанбас тұлға.Бүгінгі тренингтің аяғында мен сендерге «Сен ғажайыпсің!» медальдарды ұсынып отырмын. Сендер жеке тұлға екенін, ғажайып адам екенін ешқашанда ұмытпаңыздар.</p> <p>«Сау болыңыздар!»</p>	<p>Балаларды ынталандыру үшін медальдар таратылады</p> <p>Тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылайды.</p>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.